

"IDEX-2001" бесінші Қару-жарақ пен әскери техниканың халықаралық көрмесіне (Абу-Даби қаласы, Біріккен Араб Әмірліктері) қатысу үшін Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіптік кешені зауыттарының өнімдерін уақытша әкетуге және экспорттауға рұқсат беру туралы<*> ЕСКЕРТУ. Тақырып өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен. ~P011158

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 1 наурыз N 310

"IDEX-2001" бесінші Қару-жарақ пен әскери техниканың халықаралық көрмесіне қатысу үшін Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы N 9-1 Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес әрі Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасында үкіметаралық байланыстарды нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен. P 0 1 1 1 5 8 _

1. "Қазарнаулыэкспорт" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "IDEX-2001" бесінші Қару-жарақ пен әскери техниканың халықаралық көрмесіне қою үшін Қазақстан Республикасынан Біріккен Араб Әмірліктеріне қосымшаның 1, 2-тармақтарында көрсетілген қару-жарақты уақытша әкетуге, аталған көрме аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт (Қазспецэкспорт)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оқ-дәрілерді және арнаулы бұйымдарды Қазақстан Республикасынан Біріккен Араб Әмірліктеріне экспорттауға рұқсат берілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен. P 0 1 1 1 5 8 _

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазарнаулыэкспорт" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оқ-дәрілердің және арнаулы бұйымдардың экспортына лицензия берсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес осы қаулының 1, 2-тармақтарында көрсетілген әкетілетін және әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 1 наурыздағы
N 310 қаулысына
қосымша

"IDEX-2001" бесінші Қару-жарак пен әскери
техниканың халықаралық көрмесіне (Абу-Даби қаласы, БАӘ)
қатысу үшін әкетілетін қару мен оқ-дәрілердің тізбесі

1. Стендке қою үшін:

- НСВ құрамындағы НСВП - 12,7 x 99 бұйымдары, зауыттық N 010А,
URM-170, зауыттық N Г224, зауыттық N 00006 көздеу тетіктері;
- 6Ч15 электр шаппа, зауыттық N Н59;
- 6Ю14 құр.70 лентаны жарактауға арналған машинка;
- ПҚД бұйымдары, зауыттық N Г3980;
- ПП-90 бұйымдары, зауыттық N А467;
- ТКБ-0216 бұйымдары, зауыттық N Г393;
- МЦ-22-02 бұйымдары, зауыттық N 970438.

Ескерту: санамаланған бұйымдар шаппасыз бұйымдар, жеке ЗМҚ
жинақтауыштарымен.

2. Полигонға қою үшін:

- НСВ құрамындағы НСВП - 12,7 x 99 бұйымдары, зауыттық N 012А,
URM-170, зауыттық N Г130, зауыттық N 00009 көздеу тетігі;
- НСВ құрамындағы НСВП - 12,7 x 108 бұйымдары, зауыттық N ГЯ452,
URM-170, зауыттық N Г140, зауыттық N 00001 көздеу тетігі;

Ескерту: санамаланған бұйымдар жұмыс істеу күйінде, жеке ЗМҚ оқ-дәрілерімен және жинақтауыштарымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен.

P011158_

3. Оқ-дәрілер және арнаулы бұйымдар:

- пулеметтік ленталарда 12,7 x 99 200 (екі жүз) дана мөлшерінде;
- пулеметтік ленталарда 12,7 x 108 200 (екі жүз) дана мөлшерінде;
- ПМ 9 x 18 192 (бір жүз тоқсан екі) дана мөлшерінде;
- ПП-90 бұйымы, зауыттық N А471;
- ТКБ-0216 бұйымы, зауыттық N Г353.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1158 қаулысымен.

P011158_

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК